

қатысып, нәтижесінде жүлделі I орын иеленді. 7-сынып оқушысы Аюпов Нұржауған «Шексіз шығармашылық» атты Республикалық байқауының «Алтын қолдар» сәндік қоданбалы өнер номинациясы бойынша II орын иеленді. Жетекшісі: Г.Ергалиева. Сонымен қатар 7-сынып оқушысы Қалелов Адай «Туған жер-мақтанышым» атты эссе байқауының аудандық кезеңінен I дәрежелі диплом иеленді.

IV оқу тоқсаны бойыша I Республикалық «Жас шебер-2022» байқауынан 7-сынып оқушысы Аманболқызы Шамшырақ I орын, 5-сынып оқушысы Аманболқызы Шахназ III орын иеленді. Жетекшісі: Г.Ергалиева. «Жарқамыс тербетеді жыр-бесігін» атты аудандық әдеби байқауына 9-сынып оқушылары Шәмшәдинова Айнұр, Тұрғанбаева Ақбота, 8-сынып оқушысы Ақанқызы Тоғжан қатысып, Алғыс хат иеленді. Жетекшілері: С.Байканова, А.Майлыбаева. Математика-логика, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және Қазақстан тарихы пәндері бойынша өткізілген «Достық-2022» кешенді олимпиадасының аудандық кезеңінде 5-сынып оқушысы Тайған Көркем және 6-сынып оқушысы Сүйінтай Бекет III орын, 5-сынып оқушысы Нәби Ақшолпан және 6-сынып оқушысы Досым Инабат Мақтау қағазын иеленді. «Бастау» атты 2-4 сынып оқушыларына арналған математикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 2-сынып оқушысы Ордабай Айару, 3-сынып оқушысы Дербісова Бибі, 4-сынып оқушысы Аюпова Сағыныш қатысып, нәтижесінде жүлделі III орын иеленді. Сонымен қатар 4-сынып оқушысы Шәмшәдин Әли Республикалық «Алтын ұрпақ-2022» пәндік олимпиадасына ағылшын тілі пәні бойынша қатысып жүлделі I орын алды. Жетекшісі: Л.Шетеева. 5-сынып оқушысы Тұрғанбаева Айсана Республикалық «Алтын ұрпақ-2022» пәндік олимпиадасына музыка пәні бойынша қатысып жүлделі I орын алды. Жетекшісі: Д.Дөңбай. 10-сынып оқушысы Темірбекқызы Ләйла Республикалық Әбіш оқуларының аудандық кезеңінен жүделі I орын иеленіп, облыстық кезеңінен Алғыс хат алды. Жетекшісі: С.Байканова. «Ақбұлақ-жыр», «Бәкір оқулары» байқауынан 6-сынып оқушысы Бейлхан Ернұр I орын, 11-сынып оқушысы Аюп Әли II орын, 6-сынып оқушысы Сүйінтай Нұрасыл III орын иеленді. Жетекшісі: А.Майлыбаева. География пәні бойынша Ш.Уәлиханов атындағы Республикалық олимпиадаға 7-сынып оқушылары Аманболқызы Шамшырақ, Қопайұлы Нұржол қатысып, II орын, 8-сынып оқшылары Жембай Нұрхан, Тайған Мейірхан II орын, Жарылғап Қуаныш III орын, 9-сынып оқушысы Ақанұлы Бекжан III орын, 10-сынып оқушысы Үсентеміров Ерсұлтан II орын, 11-сынып оқушылары Самғали Ару III орын, Таубай Гүлзухра II орын иеленді. Жетекшілері: Н.Жұбаналина, А.Қартен. Қорыта айтқанда Қаражар орта мектебі 2021-2022 оқу жылы бойынша дарынды балалармен жұмыс өз мәнінде жүргізілді.

8) Мектебімізде бейінді оқытуды іске асыру мақсатында техникалық мамандықтарға бейімделуі негізінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерден оқушы тандауы бойынша вариативтік компоненттен пәндер берілген.

9) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.